

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Жаратылыстану ғылымдары факультеті

**БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САБАҚТАС ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ
БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 2 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

18.10.2023 жыл

Қатысқандар: АҚ төрайымы:

Абдраимова Қ.Т. – б.ғ.к., доцент м.а;

Комиссия мүшелері:

1. Г.У.Абишова – аға оқытушы;
2. А.Т.Кенжалиев – «Ахмет Ясауи кәсіби колледжі» директоры;
3. Э.Ибрагимова – 6В05169-Биотехнология БББ-на жауапты мүше, техн.ғ.к., доцент м.а.;
4. Г.Бабаева – аға оқытушы;
5. М.Мәулен – 6В05146-Биология, 3 курс студенті.

Шақырылғандар:

1. А.Қиясбекова – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- 1.ББ тізілімдемесіне тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету
- 2.Кадрларды даярлау нарығына талдау жүргізу

АҚ төрайымы Абдраимова Қ.Т. сөз алып, қаралатын мәселелермен таныстырды: ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа енуін қамтамасыз ету, наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстар.

АҚ мүшесі, академиялық персонал – аға оқытушы Г.У.Абишова:

Бірінші мәселе бойынша **6В05146-Биология** ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделуі қарастырылды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 желтоқсандағы № 665 бұйрығына қосымша «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне білім беру бағдарламаларын енгізу және шығару алгоритмі» ережесі негізге алынды. Оператор ЖЖОКБҰ өтінімін растайды және 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде толтырудың дұрыстығына тексеру жүргізеді. Тексеру рәсімі автоматтандырылған түрде жүзеге асырылады. Дұрыс толтырылмаған өтінімді ЖЖОКБҰ себептерін көрсете отырып, пысықтау үшін қайтарады. Пысықталғаннан кейін ЖЖОКБҰ қайтадан өтінім береді. 14. «ББ тізілімі» АЖ-да деректердің дұрыс толтырылуын тексеруден өткеннен кейін білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау мақсатында 30 (отыз) жұмыс күні ішінде ББ паспортына сараптама жүргізіледі. Қажет

болған 5 23.12.2020 18.02.2021 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы) жағдайда сарапшылар оператор арқылы білім беру бағдарламасы туралы қосымша ақпарат сұрай алады.

АК төрайымы Абдраимова Қ.Т.: Екінші мәселе бойынша ББ құрастырушылардың ББ тізілімге енгізу жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатқаны мәлімделді.

АК мүшесі, академиялық персонал – техн.ғ.к., доцент м.а. Э.Қ.Ибрагимова:

Кадр даярлау бағыттары бойынша 2023-2024 оқу жылында бітіруші білімгерлерді қорытынды аттестаттау формасын талқылау, тиімді әдістерді таңдау келешек маман иесінің толық қалыптасуына, осымен бірге бакалавр деңгейінде теориялық апталарда, кәсіптік практикалардан өту барысында ие болған оқыту нәтижелерін меңгеру ББ-да қарастырылған қалыптасатын құзыреттіліктерге ие болу БББ-ның мақсатына қол жеткізудің бірден бір тәсілі екені анық. Осыған байланысты біліктілік қабілеттерін айқын көрсету мақсатында қорытынды аттестаттауды дипломдық жоба қорғау арқылы жүзеге асыру ұсынылып отыр.

Биологияның әр саласы бойынша фундаменталды және қолданбалы зерттеулер бағытына сай тақырыптар заманауи жай-күйіне және өндірістің сұранысына сәйкес болуы керек. Тақырыптың өзектілігі, шешілетін мәселенің қазіргі жай-күйлері, мәселенің тәжірибелік құндылықтары, сонымен қатар әзірлену дәрежесі ғылыми жаңалығы, зерттеу әдістері барысында ұсынылған тұжырымдары, эмпирикалық зерттеулерден алынған нәтижелерін, инновациялары көрінуі қажет.

Шешім:

- 1.ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа енуі қамтамасыз етілсін.
- 2.Қазан айында атқарылған іс-шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



Қ.Т. Абдраимова

Хатшы



Г.О. Абишова